

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы темір жол өткізу пункттерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі N 648 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 697 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.07.2013 № 697 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 қаңтардағы Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және кеден шекаралары арқылы өтетін жеке тұлғаларды, көлік құралдары мен өзге де мүлікті мемлекеттік бақылауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы темір жол өткізу пункттерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Ресей Федерациясының, Өзбекстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Қытай Халық Республикасының өкілдіктеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы темір жол өткізу пункттері тізбесінің бекітілуі туралы ақпаратты жеткізсін.

3. "Қазақстан Республикасындағы өткізу пункттері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қазандағы N 906 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын.

4. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 ш і л д е д е г і

N 6 4 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы темір жол өткізу пункттерінің тізбесі

1. Ресей Федерациясымен шекарадағы көп жақты қатынас үшін ашық темір жол жүк-жолаушы өткізу пункттері:

Ганюшкино	(Атырау облысы)
Жайық	(Батыс Қазақстан облысы)
Сайхин	(Батыс Қазақстан облысы)
Жәнібек	(Батыс Қазақстан облысы)
Қыргелді	(Ақтөбе облысы)
Жайсан	(Ақтөбе облысы)
Шыңғырлау	(Батыс Қазақстан облысы)
Ақсу	(Қостанай облысы)
Қайрақ	(Қостанай облысы)
Пресногорьков	(Қостанай облысы)
Мамлютка	(Солтүстік Қазақстан облысы)
Булаев	(Солтүстік Қазақстан облысы)
Шарбақты	(Павлодар облысы)
Ауыл	(Шығыс Қазақстан облысы)
Шемонаиха	(Шығыс Қазақстан облысы)
Жезкент	(Шығыс Қазақстан облысы).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.14 N 1608 Қаулысымен.

2. Өзбекстан Республикасымен шекарадағы көп жақты қатынас үшін ашық темір жол өткізу пункттері:

Бейнеу	(Маңғыстау облысы)
Сарыағаш	(Оңтүстік Қазақстан облысы)
Мақтаарал	(Оңтүстік Қазақстан облысы).

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23 N 1275 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Қырғыз Республикасымен шекарадағы көп жақты қатынас үшін ашық темір жол жүк-жолаушы өткізу пункттері:

Мерке	(Жамбыл облысы).
-------	------------------

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.14 N 1608 Қаулысымен.

4. Қытай Халық Республикасымен шекарадағы көп жақты қатынас үшін ашық темір жол жүк-жолаушы өткізу пункттері:

Достық	(Алматы облысы)
Алтынкөл	(Алматы облысы).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.14 N 1608
Қ а у л ы с ы м е н .

5. Түрікменстанмен шекарадағы көп жақты қатынас үшін ашық темір жол
жүк-жолаушы өткізу пункті:
Болашақ (Маңғыстау облысы).

Ескерту. Тізбе 5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.12.14 N 1608
Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК